

Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Ақмола қаласындағы мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 қазандағы N 1428

Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың Ақмола қаласына көшірілуіне байланысты, ресми шараларды жүргізуді, сондай-ақ келетін делегациялар мен жекелеген адамдарды орналастыруды, жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығымен "Ақмола қаласындағы мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің оған қатысты функциясын жүзеге асыратын орган болып табылады деп айқындалсын.

3. Кәсіпорынның қызметі мына бағыттарда жүргізіледі деп белгіленсін:
ресми шараларды жүргізуді, сондай-ақ келетін делегациялар мен жекелеген адамдарды орналастыруды, жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
жоғары және орталық мемлекеттік органдарға, заңды тұлғалар мен азаматтарға, соның ішінде шетелдіктерге қызмет көрсету.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және тіркеуден өткізсін, жарғылық қорын қалыптастырсын, басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Республикалық

мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790

R960790_

қаулысымен

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне белгіленген тәртіппен толықтыру енгізу туралы қаулының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК